

- Lukes Steven, Power : a radical view, Macmillan Press, 1974, 2nd Edition, Macmillan, 2005
- Mattli Walter, 1999, The Logic of Regional Integration, Cambridge University Press, 207 p.
- Milliken Jennifer, 1949, *The Study of Discourse in International Relations, a critique of research and methods*, in European Journal of International Relations, Vol 5, n° 2, 225-54
- Orwell G., 1949, 1984 (*Nineteen Eighty-Four*)
- Pareto W., 1935, The Mind and Society, [*Trattato di Sociologia Generale*], Harcourt, Brace,
- Ratzel F., 1903, Politische Geographie, 1897, 2nd edition, Oldenbourg Munich/ Berlin
- Ripsman, Norrin M., 2005, *Two Stages of Transition from a Region of War to a Region of Peace : realist transition and liberal endurance*, in International Studies Quarterly, N° 49, pp. 669-693
- Rüland Jürgen, 2002, *Interregionalism in International Relations*, Conference Summary, Arnold-Bergstaesser-Institute, Freiburg, Germany, 31 January and 1 February
- Rüland Jürgen, 2002, *Inter and Transregionalism : Remarks on the state of the Art of a New Research Agenda*, Paper to Workshop on Asia-Pacific Studies in Australia and Europe, Australian National University, National Europe Centre Paper, n°34, 5-6, July
- Reiterer Michael, 2002, *The Asia Europe Meeting (ASEM) : The importance of the Fourth ASEM Summit in the light of 11 September*, in European Foreign Affairs Review, vol.7, issue 2, Summer, pp. 133-152
- Santander S., 2007, *Global framework of regional economic integration*, in Mario Telo (dir.), European Union and New Regionalism: regional actors and global governance in a post-hegemonic era, London, Ashgate, pp. 327-356
- Slocum, Nikki and Van Langenhove, Luke, 2004, *The meaning of regional integration : introducing positioning theory in regional integration studies*, in Journal of European Integration, vol 26, n° 3, pp. 227 - 252
- Is There a European Model of Governance ? A Comparative Perspective*, IPSA Conference, March 18-20, 2010, Jean Monnet Building, European Commission

Макашева К.Н., т.ғ.д.,

Әл-Фараби атындағы ҚазҰҰ халықаралық қатынастар және
өлемдік экономика кафедрасының профессоры

АЙМАҚТЫҚ ИНТЕГРАЦИЯНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

Қазіргі замандағы халықтар қауымдастығы мен мемлекеттердің объективті заңдылығы – экономика, саясат және мәдениет саласында белсенді бірлесіп әрекеттесу және ынтымақтастыққа талпынысы. Барлық әлем интеграциялық үрдістерді қоғамдық алға жылжудың негізгі шарты деп түсінеді.

Салыстырмалы түрде жақында пайда болған «интеграция» термині (шамамен XX ғ. 40-шы жылдары) экономикалық та, саяси ғылымының да өкілдері арасында кеңінен пайдаланыла бастады. Интеграция түсінігі қайта құру, қосылуды білдіретін *integratio* деген латын сөзінен шыққан. Интеграция біртіндеп қазіргі қоғам өмірінің бар саласына енуде. «Ұлттық шаруашылықтың әлемдік экономикаға интеграциясы», «саяси интеграция» т.б. сияқты ұғымдар пайда болуда. Дәл осы өртүрлілік бұл терминнің мағынасын түсіндіруде де көп пікірлер туғызды.

Әлеуметтік тұрмысқа қолданылатын интеграция түсінігі өте тар, ол мәдени, экономикалық, саяси және басқа салаларда болып тұратын құбылыстар мен үрдістерді қамтиды. Интеграцияны топтық, әлеуметтік, этникааралық, мемлекетаралық деп бөледі. Сонымен қатар, әскери – саяси, ғылыми – техникалық, технологиялық және т.б. интеграцияның түрлері болады.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін «интеграция» термині экономика, техника, қаруландыру, халықаралық ұйымдар сияқты халықаралық қатынастар саласын қамтитын халықаралық ынтымақтастықтың өртүрлі формаларын белгілеу үшін қолданыла бастады. Қазір ғылыми әдебиетте «интеграция» түсінігіне бірдей екі анықтама табу мүмкін емес. Оны біріншіден, мақсаттары мен қызметтері бойынша ерекшеленетін интеграциялық үрдістердің түрлері мен жобаларының көптігімен, екіншіден, жекелеген мемлекеттер мен мемлекеттер топтары белгілеген ұлттық мүдделердің өртүрлілігімен түсіндіруге болады. Соғыстан кейінгі жылдар тәжірибесі көрсеткендей интеграция үрдісіне қатысушы мемлекеттердің саяси мақсаттары арасында үлкен айырмашылықтар болғандықтан «интеграция» түсінігіне ортақ анықтама беру қиындық туғызып отыр. Дегенмен, халықаралық қатынастарды зерттеу тұрғысынан жинақталған халықаралық тәжірибе көрсеткендей интеграцияның үлгілерінде басшылыққа алынған бейбітшілікті сақтау, қауіпсіздікті нығайту, экономикалық ынтымақтастық арқасында халықтың өмір сүру жағдайын жақсарту сияқты мақсаттарды интеграция түсінігін анықтаудағы негізгі талаптар ретінде қарастыруға болады. Сонымен қатар интеграциялық үрдістер әлемдік даму мен әлемдік саясаттың факторы ретінде үнемі даму және өзгеру үстінде болады. Қазіргі әдебиеттерде интеграциялық үрдістердің табиғаты мен рөлін түсінуде өртүрлі бағыттар мен тәсіл-

дерді кездестіруге болады. Мұнда екі теориялық аспекті бөліп көрсетуге болады: интеграциялық үрдістер теориясы мен экономикалық интеграцияның теориясы мен тәжірибесі.

Интеграция түсінігі әлеуметтік жүйе элементтерінің біркелкілігі мен өзара байланыстың жеңілдетілуіне жатады. Аймақтық интеграция – территориялық немесе геосаяси шекарамен шектелген интеграцияның ерекше түрі. Интеграциялық үрдістерді зерттеудің саяси аспектілері, көбінесе, әрбір елдерде өтіп жатқан ішкі және сыртқы үрдістермен байланысты. Мемлекетаралық интеграцияны зерттеушілер саяси саяси мәселелердің ерекше жақтарын ашу үшін саяси интеграция түсінігін жеке қарастыра бастады.

Неофункционализм теориясының өкілі Э.Хаас берген классикалық анықтама бойынша «интеграция дегеніміз бірнеше ұлттық жүйелердегі саяси өмірдің қатысушылары өздерінің қызметінің бір бөлігінен бас тартып, саяси іс-әрекеттердің орталығына айналған шешім қабылдаудың жаңа ұлтүстілік орталығына қарай ауысу үрдісін айтамыз. Саяси интеграцияның соңғы нәтижесі жаңа саяси қауымдастықтың құрылуы». Бұл саяси интеграцияның ең толық анықтамаларының бірі болып есептеледі [1, Б.205-214].

Саяси интеграция мәселелеріне қатысты әдебиеттер жеткілікті болғанымен, қазіргі уақытта көпқырлы үрдістің әртүрлі құбылыстарын қамтыған біріктірілген толық теория пайда болған жоқ. Шындығында, саяси интеграцияның әртүрлі теориясының негізін қалаушылармен қазіргі кездегі зерттеушілердің арасында қандай да болмасын біркелкі «саяси интеграция» деген түсінік қалыптасқан жоқ. В.Г. Барановский көрсеткендей «шын мәнісінде әрбір зерттеушілерде саяси интеграция ұғымын қамтитын мәселер жөнінде түсінбей белгіленген, әртүрлі ұғым қалыптасқан». Әйтсе де Барановский интеграцияны былай түсіндіреді: «бөлек, ерекше бөлшектердің біртұтастықпен байланысты жағдайы және осы үрдіске әкелетін жағдай». Қазіргі кезде бұл анықтама көп қолдауға ие болып келе жатқан жүйелі тәсіл.

Мысалға, құрылымдық функционализмнің негізін салушы Т.Парсонстың ұсынған интеграция түсінігі біріншіден, интеграция элементтерінің ішкі сымдылығы. Екіншіден, интеграциялық жүйенің сыртқы қоршаған ортадан бөлініп шығу кезіндегі ерекше талаптарды сақтау мен қолдауы сияқты екі бөлшектен тұрады.

М.Ходжестің пікірі бойынша интеграция – бұл «оған дейін болған бөлінген жүйелерден жаңа саяси жүйенің құрылуы». Сонымен қатар К.Дойчтың «интеграция – аймақтағы мемлекеттер арасында қауіпсіздік қауымдастығының құрылуы» деген анықтамасы болса, американдық саясаттанушы М.Каплан интеграцияны – екі немесе бірнеше бөлшектердің біртұтастыққа бірігуі немесе бір жүйенің екінші жүйені жұтып алуы деп түсінеді.

Өтіп жатқан үрдістерді талдау мен теориялық қорытудағы алғашқы қажеттілік Батыс Еуропа және Солтүстік Америка елдерімен байланысты интеграциялық аймақтарда пайда болған. Құрастырылған концепциялар көбінесе жоғары дамыған индустриалды қоғамға арналуы заңдылық деп есептеуге тура келеді. Себебі, сол кезде әлемдік тәжірибеде басқа осы типтес үрдістер болған жоқ, өйткені үшінші әлем елдерінің бытыраңқылығынан интеграциялық ағымдардың тууы мүмкін емес еді [2, Б.17-19].

Ғылыми әдебиетте дәстүрлі түрде аймақтық интеграцияны зерттеуде кем дегенде бес-алты тәсіл пайдаланылады. Алайда, ең жарқын үш теорияны қарастырып өтейік. Саяси ғылымда интеграцияның алғашқы теориялары бірінші еуропалық институт Еуропалық көмір және болат бірлестігі заңды түрде бекітілмей тұрып, біздің жүзжылдықтың 40 ж.ж. пайда болды. Біз қарастыратын алғашқы теория – функционализм. Оның ең көрнекті өкілдері Д. Митрани мен Э. Хаас болды. Егер оның алғашқысы өз еңбектерін функционализмнің саясаттағы жалпы теориясына арнаса, екінші ғалым функционализм мен еуропалық интеграция мәселері арасындағы байланысты орнатумен айналысты. Функционализмнің американдық мектеп өкілдері интеграцияға негізгі талап ретінде қоғамдық сана және бұқаралық қозғалыс негізінде біртұтас жүйенің бөлшектерін құрастырған (АҚШ-та штаттар және Швейцарияда кантондар) АҚШ пен Швейцарияның конституцияларының жасау идеясының тәжірибесін пайдалануды ұсынады. Американдық зерттеушісі Митронидің еңбектерінде көрсетілгендей әртүрлі деңгейдегі интеграция әлемдік империялар, блоктар және халықаралық ұйымдарда айқын көрінеді. Бұл арада негізгі үш белгі болуы қажет: билікті заңды пайдалануға бақылау жасау, шешім қабылдаудың ортақ органының болуы және қауымдастыққа кіретін азаматтарға саяси мағлұматтар беретін орталықтың болуы.

Функционализм мен оның жаңарған түрі неофункционализм интеграцияның ең жан-жақты және әмбебап теориясы болып табылады. Ол интеграция арқылы бейбітшілікке жету жолдарын қарастыратын идеалистік ағыммен байланысты болды, алайда интеграцияны «жоғарғы саясатқа» қатысы шамалы технократиялық үрдіс ретінде қарастырды. Функционализмнің классикалық теориясының

негізін салушы Д.Митрани саяси негізден басталған кез келген интеграциялық бірлестіктің болашағы жоқ деп есептеді. Яғни, интеграция экономикалық саладан басталуы тиіс, содан кейін ғана саясат саласына тарағаны жөн. Ал, ынтымақтастыққа деген талпыныс экономикасын жақындатқысы келетін мемлекеттер тарапынан ұсынылуы тиіс [3, б. 28-30].

Интеграция үрдісі – күрделі және көпжақты құбылыс және оның теориялық негізін қарастырғанда пікірталас пен әртүрлі көзқарастырдың тууы заңдылық. Функционализм өз қарсыластары тарапынан үлкен сынға ұшырады. Бұл теорияны тым идеалистік және ғылыми негізі жоқ деп есептеді. Алайда оның өкілдері сол кездегі халықаралық қатынастар динамикасына жан-жақты түсініктемелер берді. Неофункционализм теориясының өкілдері интеграцияның даму негізі үшін келесі жағдайларды құрау керек деп түсіндірді:

- интеграцияға керек алғышарттар ретінде ортақ экономикалық мүдденің болуы, экономиканың жүйелердің ұқсастығы, өзара тәуелділік, саяси плюрализм, элита топтарының ұқсастығы;
- интеграция «жоғарғы» саясат саласына қатысы жоқ салалардан басталуы тиіс, дегенмен олар экономиканың негізгі және басты секторы болғаны дұрыс;
- тиісті басқару құрылымын құрылуы керек және ол ұлттық үкіметтерден мүдделерінен тәуелсіз және интеграцияның белсенді қатысушысына айналуы айналғаны жөн;
- экономиканың белгілі бір секторындағы табысты интеграция басқа да салаға өсер етіп, интеграцияның тереңдеуіне алып келеді.
- интеграциялық үрдістердің тереңдеуі мен одан ары дамуы ортақ институттардың қалыптасуына алып келеді, яғни саяси интеграция экономикалық интеграция негізінде жүзеге асып, бұл өз кезегінде бейбіт қарым-қатынастардың дамуына алып келеді.

Алпысыншы жылдары неофункционализм еуропалық интеграцияны түсіндіру мен жоспарлауда негізгі теорияға айналды. Бұл теория аймақтық деңгейдегі басқармалы интеграция құруға талпынды және интеграция үрдісіндегі саяси факторға көп көңіл бөле бастады. Батыс Еуропадағы алғашқы интеграциялық жобаларға сараптама бере келе Э.Хаас тек экономикаға негізделген интеграцияда идеологиялық және философиялық тамырлар жоқ деген шешімге келді. Оның негізгі жетістіктерінің бірі интеграцияның алғышарттарын зерттеу болды [4, Б. 63].

Ынтымақтастық үлгісіне негізделген функционализмге қарағанда федерализм (немесе конституционализм) қатаң ұлттық үлгі ұсынды. Саяси тәсіл ретінде функционализм екінші дүниежүзілік соғыстан кейін пайда болып, сол кезден бері интеграцияның негізгі теорияларының бірі болып келеді. Бұл теория бойынша интеграция екі деңгейдегі үкімет құруды талап етеді, біртұтастың үстінен қарайтын (федералды деңгей) және бөлшектерді реттейтін (мемлекеттік деңгей). Жақтастарының көзқарастары бойынша федерализм басқа интеграциялық жобаларға қарағанда екі артықшылыққа ие. Біріншісі, жүйе қандай да болмасын саяси топтың билікті басып алуынан толық сақталған. Екіншісі, федерация сыртқы қауіптерге төзімдірек. Айта кететін жайт тәжірибе жөнінде федерализм идеялары қазіргі замандағы аймақтық интеграция үрдістеріне өсер етуде. Мысалы, Еуропалық Одақ құруды жариялаған 1992 ж. Маастрих келісімінің алғашқы жобасында «федералды Еуропа» құру міндеті қойылған. Одан ары бұл мақсат «одақ» құру деп өзгертілгенімен, федерализм жақтастары Еуропадағы интеграциялық үрдістердің алдында тұрған институционалды және идеологиялық мәселелерді шешуде федералистік тәсіл ең тиімді екеніне сенімді. Теория өкілдері еуроинтеграция біріншіден, үкіметтер мен халықтың нақты саяси шешімі негізінде, екіншіден, жеке мемлекеттердің ықпалынан тәуелсіз, шешім қабылдауда белгілі бір өкілеттілік берілген бір немесе бірнеше қауымдастықтың мүшелерін; ұлт үстілік органдар құру арқылы жүзеге асады деп есептеді.

Егер функционализм мен федерализмнің мақсаты мемлекетті тежей немесе мемлекеттік емес басқарудың жаңа түрін қарастыру болса, транзакционализм теориясы бар ұлттық құрылымдардың бейбіт және тұрақты өмір сүруінің тәсілдерін ойлап табуды ұсынды. Бұл бағыттың негізін салған К. Дойч мемлекеттер өз айналасында қауіпсіздік ортасын немесе қауымдастығын құру үшін байланысты пайдаланады деп есептеді. Бұл теория бойынша интеграция деп аймақта қауіпсіздік орнату және мемлекеттердің бейбіт қарым-қатынастар орнатуын түсінеміз. Бұл жоба авторлары ең алдымен халықаралық дауларды шешу үшін әскери күш қолдану тиым салынған қауіпсіздік қауымдастығына назар аударды. Мұндай қоғамдар құру интеграция түсінігімен байланысты болды, яғни интеграция – белгілі бір аймақ шеңберінде біркелкілік сезімін орнату, мемлекеттер арасындағы қатынастардың бейбіт дамуын қамтамасыз ететін институттар мен ережелер құрастыру деп түсіндірілді. Мемлекетаралық интеграция көп векторлы, көп қырлы үрдіс, сондықтан оны жан-жақты зерттеу үшін тәсілдер мен зерттеу түрлерінің үлкен кешенін пайдаланған жөн. Карл Дойч атап көрсеткен табысты интеграция үшін қажетті факторлар:

1. алдын ала династиялық немесе әкімшілік одақтың болуы;
2. этникалық немесе лингвистикалық ұқсастық;
3. тығыз экономикалық байланыстар;
4. сыртқы әскери қауіп;
5. саяси салаға қатысты негізгі құндылықтардың ұқсастығы;
6. қауымдастықтың мүшелеріне тән өмір сүру түрінің ұқсастығы;
7. тығыз және тиімді экономикалық байланыстар орнату арқылы әр жақтың пайдаға қол жеткізу мүмкіндігі;
8. саяси және әкімшілік саласында мүмкіндіктердің артуы;
9. салыстырмалы түрде мобилділікті жоғары деңгейі.

Аймақтық интеграция барысына алғашқы теориялық қорыту жасау талпыныстарын неолибералдық бағыт арнасында жұмыс істеген ғалымдар 1950 жылдары жасаған болатын (А. Предоль, В. Репке). Экономиканы ең тиімді реттеуші нарық концепциясынан шыға отырып, олар интеграция деп бірнеше елдерді қамтитын ортақ геоэкономикалық кеңістікті құруды айтты. Осы мақсаттарға жету үшін сыртқы сауда мен валюта, қаржы салаларында мемлекеттік бақылауды толықтай алып тастау қажет болды. Бұл бағыттың өкілдеріне интеграция мәселелері сыртқы экономикалық қызметтерді либерализациялау негізінде одақтасушы елдердің нарықтарын біріктіруімен байланысты болды. Яғни, интеграциялық талпыныстардың тиімділігі, бұл арада өздерінің экономикасын біріктіруге талпынып отырған мемлекеттердің саяси еріктеріне тіреліп отыр. Неолибералистердің көзқарасы бойынша аймақ ішіндегі ортақ кедендік жүйенің жұмыс істеуіне жағдай жасау және осыған байланысты үшінші елдерге бірыңғай шараларды дайындау басты элемент болуы мүмкін еді.

Кедендік Одақ концепциясы шын мәнісінде 1957 жылы пайда болған Еуропалық экономикалық қауымдастықтың теориялық концепциясы болды. 1960-шы жылдары интеграция түрлеріне баға беру қайта қарастырыла бастады. Осыған байланысты ғалымдар арасында интеграциялық құрылымның шектерін ұлғайту қажеттілігі туындады. Бірсыпыра зерттеушілердің жаңа бағытын шартты түрде «дирижистік» деп атады. Бұл бағыттың жақтаушылары интеграция үрдістерін тиімді реттеу үшін ұлттық шеңберден шыққан саяси – құқықтық институт немесе институттар тобын құруды алдыға тартты. Тәжірибе жүзінде бұл экономикалық одақ концепциясына айналды. Бұл тәсіл нарықтарды біріктіруді ғана қамтып қойған жоқ, сонымен қатар мемлекетаралық интеграция барысындағы ауқымды мәселелер үшін байланыстырушы мекемелер мен механизмдер құруды қамтыды, яғни интеграциялық үрдіске реттеушілік саяси әсерді білдірді. Осыған байланысты американ ғалымы Б. Белаши интеграцияның екі түсінігін енгізді: біріншіден, үрдіс, екіншіден, жағдай ретінде. Ғалымның ойы бойынша интеграцияның жүйелі бес түрі бар:

1. Еркін сауда аймағы – мүше елдер арасында мөлшерлік және сандық шектеулер алынған;
2. Кедендік одақ – жоғарғылардан басқа үшінші елдермен саудада ортақ өлшем енгізілген;
3. Ортақ нарық – саудаға шек қоюлармен қатар өндірістік факторлардың жылжуына (капитал мен жұмыс күшінің) шек қоюлар алынып тасталынады;
4. Экономикалық одақ – тауар мен өндірістік факторлардың қозғалу еркіндігі дискриминацияны жою үшін жасалатын ұлттық саясат белгілі түрде сәйкестендірумен толықтырылады.

5. Толық экономикалық интеграция – ұлттық экономикалық саясаттар толықтай жүйеленеді және ұлттық шеңберден шыққан билік мекемелері құрылады, басқаша айтқанда саяси одақ пайда болады.

Сыртқы саясат және ұлттық қауіпсіздік сияқты ұлттық егемендіктің басты салалары ұлттық шеңберден шыққан мекемелердің қарауына беріледі.

Қазіргі әлемдегі интеграциялық үрдістерді зерттеуге қызығушылық соғыстан кейінгі жылдары байқалды. Бұл ең алдымен аймақтық интеграцияның шиеленіскен халықаралық мәселелерді шешуде бейбіт шаралармен дұрыс ықпал ету мүмкіндігімен түсіндіріледі. Әлемдік қауымдастықтың көптеген аймақтарын қамтыған интеграциялық үрдістерді зерттеуде ресейлік тарихи-экономикалық және саяси ғылымның қосқан үлесі зор. Бұл ғылыми әдебиеттерді сараптау нәтижесінде интеграция – бұл қарам-қайшылықтарға, ізденістерге, ірі қаржы-экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, саяси және басқа да тәжірибелерге толы шынайы, көп қырлы, өте күрделі үрдіс деген қорытынды жасауға болады. Оның даму нәтижелері бойынша айтатын болсақ интеграция дегеніміз мемлекеттер мен халықтардың әлемдік қауымдастығының жоғарғы әлеуметтік-экономикалық, саяси, мемлекеттік-құқықтық және мәдени сатысын білдіреді. Адамзат қауымдастығын қайта құруда интеграцияның қосатын үлесі зор болмақ, алайда айта кететін жайт бұл жолда әзірше көп шешілмеген мәселелер туындауда.

Интеграцияның тарихы мен теориясына шолудан кейін ол шынайы феномен және қазіргі халықаралық өмірдің үрдісі ретінде құрылымы, мақсаттары, ішкі байланыстары, билік түсінігінде

айырмашылықтарға толы екендігін көруге болады. Бұл арада интеграцияны кедендік одақ немесе сауда альянстарымен шектеуге болмайды. Аталған мемлекетаралық бірлестіктер қоғам дамуының индустриалды кезеңіне дейін пайда болған құбылыс. Интеграция – XX ғ. екінші жартысының өлемдік әлеуметтік-экономикалық және саяси даму эволюциясының объективті нәтижесі; егер оның объективті мақсаттары мен салдарларын біріктіріп қарасақ бұл үрдіс адамзат қоғамының тарихи дамуындағы жаңа кезең, футурологтардың айтуы бойынша постиндустриалды кезеңге өтуінің хабаршысы. Сонымен қатар «классикалық» интеграция ретінде тек экономикалық және саяси-экономикалық ынтымақтастықтың өртүрлі формаларын қарастырудан бас тарту керек. XXI ғ. өртүрлі аймақтарда пайда болған және пайда болып жатқан дәстүрлі аймақтық интеграциялық қауымдастықтар емес, алғашқы ірі құрылымдар бұл үрдістің қазіргі кезеңде үлкен маңызға ие екендігін көрсетеді.

Әлемде бар интеграциялық құрылымдар мен олармен байланысты халықаралық ұйымдар мен бірлестіктердің сараптамасына көшейік. Интеграциялық модельдерді жүйелеуде бастапқы түсінік ретінде мақсаттар принципі және интеграциялық бірлестіктердің ықпалын алған жөн. Жалпы интеграциялық және белгілі бір интеграциялық қызметтер атқаратын ұйымдарды келесідей бөліп қарастыруға болады:

1. Аймақтық және аймақаралық қауымдастықтар: экономикалық, саяси-экономикалық (әлеуметтік интеграциялану элементтерімен), саяси, әскери-саяси және т.б.

2. Халықаралық үкіметтік ұлтүсті ұйымдар. Олар мемлекеттердің қаржы-экономикалық, саяси жағдайына, көрсетілген салаларда шешім қабылдауларына ықпал етеді. Брюссельдегі халықаралық бірлестік одағының зерттеушілерінің мәліметі бойынша мұндай ұйымдардың саны 2000 ж. 500-ге жеткен (80-ші жж. соңында олардың саны 378 еді).

3. Халықаралық үкіметтік емес ұйымдар (саны 10800ден астам). Мұндай ұйымға кәсіподақтар, трансұлттық корпорациялар және т.б. жатады. Халықаралық еңбек бөлінісінің артуы және дифференциациясы, жаһандану, әлемдік көлік байланысының кең қарқынды дамуының, тауар алмасудың өсуі, капитал қозғалысының артуы негізінде жаһандық экономикалық жүйелердің құрылу жағдайында адамдардың әлеуметтік-экономикалық, соның ішінде мемлекетаралық және ұлтаралық қатынастарға әсер етеді. Бұл өз кезегінде тікелей және жанама түрде интеграциялық үрдістерге әсер етеді. Жоғарыда қарастырылған халықаралық интеграциялық қауымдастықтар түрлері келесідей қорытынды жасауға алып келеді: индустриалды қоғамның негізін құрайтын интеграциялық қауымдастықтар әлемдік қоғамдастықтың әлеуметтік-экономикалық және мәдени-саяси дамуының негізгі және бастаушы бағыты болып отыр. Қазіргі кезде интеграциялық үрдістердің жоғарғы қарқында дамып келе жатқаны кездейсоқтық емес. Бұрын сонды болмаған технологиялық прогресс, әлемнің саяси картасының толық өзгеруі, әр континенттегі халықтардың әлеуметтік-мәдени өміріндегі қарама-қайшылықтар, өткеннен қалған шешілмеген мәселелер адамзат баласына көптеген міндеттер кешенін қойып отыр. Бұл жолда негізгі шешімдердің бірі әлемдегі интеграциялық үрдістердің дамуы [5].

Қорытындылай келгенде, жоғарыда қарастырылған саяси ғылымдағы интеграция теориялары интеграция сияқты күрделі үрдісті жан-жақты зерттейді. Олар интеграцияның себептері мен факторларын түсіндіреді. Сонымен қатар бұл теориялар интеграцияны неден бастау керек- ұлтүстілік органдар құрудан ба, әлде керісінше төменнен бе деген сұраққа жауап іздейді. Бұл теориялардың көпшілігі Еуропалық Одақ үшін жасалғанымен, олардың негізгі ойларын аймақтық интеграция құруда Орталық Азия мемлекеттері басшылары да басшылыққа алды. Қарастырған теориялар айналасында интеграция құрылуы тиіс күшті орталықтың, яғни «ядроның» болғанын дұрыс деп есептейді. Дегенмен, интеграция – қарастырылған теорияның біреуі де толығымен қамти алмайтын көпқырлы үрдіс. Алайда, интеграция жүзеге асуы үшін басшылардың талпынысымен қатар оған әсер етуші факторлар, алғышарттар мен қозғаушы күштердің ұқсас болғаны жөн. Аймақтық интеграция бірнеше сатыдан тұратын күрделі үрдіс және оның толық жүзеге асуына уақыт қажет.

1. Аубакирова Ж. Интеграционные процессы в СНГ // Современное развитие: источники движущей силы и формы разрешения противоречий: Материалы международной научной конференции – в 2-х частях. – Алматы: Университет «Туран», 2001. – ч.1 – С. 205-214.

2. Юров О.В. Предпосылки политической интеграции постсоветского пространства: диссертация на соискание ученой степени кандидата политических наук / Саратовский гос. Университет имени Н.Г. Чернышевского; – Саратов, 2005. – 355 с. Б.17-19

3. Жоламанова Г.Е. Интеграционные процессы в рамках Шанхайской организации сотрудничества как фактор стабильности и безопасности в центрально-азиатском регионе: диссертация на соискание ученой степени кандидата политических наук, КазНУ им. Аль-Фараби; Алматы, 2009. – 147 с.

4. Черных И.А. Теории интеграции: техника интерактивного обучения, Алматы: КазНУ, 2005. – 112 с.

5. Кошанов А., Хусаинов Б. Проблемы интеграции государств Центральной Азии // Центральная Азия и Кавказ. – 2001. – №1(13). – С.81-94.

К.Т. Жумагулов

д.и.н., профессор, заведующий кафедрой всемирной истории,
историографии и источниковедения КазНУ им. аль-Фараби

РЕДКИЕ ИСТОЧНИКИ ПО ИСТОРИИ ГУННОВ И АВАРОВ ПЕРИОДА ВЕЛИКОГО ПЕРЕСЕЛЕНИЯ НАРОДОВ

Уважаемые коллеги!

В пределах отведенного регламента я постараюсь в основных чертах остановиться на редчайших источниках по истории тюркского мира периода Великого переселения народов в Евразии.

Крупнейшим суперэтнотом раннесредневековой Евразии были тюрки – выходцы из глубин Центральной Азии.

Ранняя история Казахстана – это часть глобальной тюркской истории. Здесь очень важно подробно осветить историю тюрков-гуннов, поскольку именно они стояли во главе эпохального процесса в Азии и Европе, который называется Великим переселением народов.

История гуннов на Западе ждет своих исследователей. Л.Н. Гумилев писал: «Победив и присоединив к себе аланов, гунны стали во главе огромного племенного союза... В семидесятых годах IV в. они перешли Дон и победой над остготами открыли новый период истории, известный под названием «Великое переселение народов»... Здесь мы вправе прервать повествование, так как вновь открытая страница относится уже к истории Европы» (Гумилев Л.Н. Хунну. Средняя Азия в древние времена. – М., 1960, с. 247-248).

Здесь подразумевалось, что история эта займет свое достойное место в исследованиях специалистов по истории Западного. Однако, в русскоязычной литературе, включая и советскую историографию, история гуннов в Европе почти не освещалась, за исключением отдельных кратких обзоров.

Очевидно в условиях прежних идеологических установок изучение истории тюркских народов особо не поощрялось. Тем более если говорить об истории гуннов в Европе, то здесь речь идет не только о региональных событиях, а о ярких страницах европейской да и мировой истории.

Гуннский союз в Центральной Азии способствовал объединению племен и сложению таких народностей как казахи, киргизы, туркмены и другие.

В книгохранилищах и фондах, одного из первых университетов Европы – Тюбингенского университета, основанного еще в 1477 г., насчитывается 4 млн. томов. Здесь мною проделана аналитическая и поисковая работа.

Прежде всего, в богатых фондах библиотеки Тюбингенского университета мною выявлены редчайшие источниковые материалы по истории гуннов, большая часть которых относится к IV-V векам, т.е. ко времени расцвета Гуннской империи на Западе. Это – хроники поздней античности и средневековья, написанные преимущественно на латинском и греческом языках. Здесь прежде всего следует отметить сочинения таких хронистов как Пифей (Pytheas), Аполинарий Сидоний (Apolinarius Sedonius), Амброзий (Ambrosius Mediolanensis), Олимпиодор (Olympiodorus), Геродиан (Herodian), Гидаций (Hydatius Lemnicus), Орозий (Paulus Orosius), Приск Панийский (Priskus Panites), Проспер Тиро (Prosper Tiro), Клавдий Клавдиан (Claudius Claudianus), Исидор Севильский (Isidorus Hispalensis), Иордан (Jordanes), Виктор Тонноненский (Victorius Tonnonensis), Беда (Beda), и ряда других позднеантичных и средневековых авторов.

Редкими источниками той эпохи, помимо хроник, являются архивы и материалы, относящиеся к разнообразной деятельности римских пап (папская переписка), которые к сожалению, до сих пор не стали предметом должного внимания в самой зарубежной историографии. А между тем эти редчайшие по своей сути источники позволяют реконструировать сложные перипетии того времени. Эти сведения содержатся в следующих изданиях:

- Sancti Leonis Magni Romani Pontificis Opera Omnia. – Patrologia Latina. Ed. J-P. Migne. T. 54, Turnholt (Belgium), 1865;

- Leonis Papae I Epistularum Collectiones – Acta Conciliorum Oecumenicorum. Ed. E. Schwartz, Berolini – Lipsiae, 1932, T. 2., Vol. 4.

Редкие материалы по истории Гуннской державы и международных отношений касательно Европы и Евразии периода поздней античности и раннего средневековья выявлены мною в указах римских императоров и так называемых, «Житий Святых», содержащиеся в следующих изданиях:

- Liber legum Novellarum D. Valentiniani III, - Novellae constitutiones imperatorum Theodosii II, Valentiniani III, Maximi, Maioriani, Severi, Anthemii.

Ed. G. Haenel. Lipsiensis, 1844;